

Алматы қаласының тұрғындарына қаладан тыс жерге емделуге жіберілетін науқастарға бюджет қаражаты есебінен жол жүру ақысын төлеу туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 55 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 10 қаңтарда N 764 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 8 шілдедегі N 456 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXXV сессиясының 2011 жылғы 8 шілдедегі N 456 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" заңының 8-бабына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамаларына сәйкес Алматы қаласының тұрғындарына қаладан тыс жерге Қазақстан Республикасы бойынша емделуге жіберілетін науқастарға бюджет қаражаты есебінен жол жүру ақысы төленсін.

Алматы қаласының тұрғындарына қаладан тыс жерге Қазақстан Республикасы бойынша емделуге жіберілетін науқастар мен оларға ілесуші тұлғалардың жол жүру ақысы қалалық бюджет қаражаты есебінен, науқастың арнайы медициналық мекемеде стационарлық емделгені туралы Денсаулық сақтау департаментінен берілетін жолдамасымен, темір жолмен жүргені үшін - купелі вагон тарифі бойынша, қалааралық автомобиль жолдарымен болса - жергілікті жердегі жолақы нақты құны бойынша төленсін.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейінгі 10 күнтізбелік күннен кейін күшіне енеді.

Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары С.Т.Сейдұмановқа және экология, денсаулық сақтау және ТЖ мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясы (Ізмұхамбетов Т. А.) жүктелсін.

IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты VI сессиясының
төрағасы Қ. Баймұхамбетов
IV сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев

